

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

№ хаттама « » 2023ж

Факультет деканы _____ Б.Б.Мейрбаев

«РУХАНИ- АДАМГЕРШЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ:ТАРИХТАН
ҚАЗІРГІ ДЕЙІН» ПӘНІНЕН
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2023

Емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к Әрінова Бақыт Айтуқызы

8D01801-«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының оқу жұмыс жоспары негізінде жасалды.

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« __ » _____ 2023ж., хаттама № __

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

«РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ:ТАРИХТАН
ҚАЗІРГІ ДЕЙІН» ПӘНІНЕН 8D01801-«ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ
ТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША 1 КУРС ДОКТОРАНТТАРЫНА АРНАЛҒАН
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтихан – ауызша

Емтихан форматы-офлайн

Univer жүйесінде өткізіледі.

Кредит– 5

Қорытынды емтихан ауызша түрде жүргізіледі.Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және ДӨЖ тапсырмалары және оқыту нәтижелері түріндегі жетістік индикаторларымен сәйкестікте құрастырылды. Тақырыптық мазмұн талаптарға сай жүйеленген. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту нәтижелеріне сәйкес теориялық мәселелерді білу мен түсінуді бағалайтын жетістік индикаторлары түріндегі когнитивті құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің пәннің білім мазмұнын түсінуі мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады. «Рухани-адамгершілік білім беру және өзін –өзі танудың» тарихи дамуы мен қалыптасуының теориялық-әдістемелік тұғырлары бойынша практикалық тапсырмалар беріледі.

Емтиханға арналған тақырыптар:

1 тақырып. «Рухани- адамгершілік білім беру және өзін- өзі тану: тарихтан қазіргі дейін» пәнінің құрылымдық-мазмұндық жүйесі. «Рухани- адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану:тарихтан қазіргі дейін» пәнінің мақсаты мен міндеттері және оқыту әдістемесі.

2- тақырып. Өзін-өзі танудың философиялық негіздері: таным және көзқарас. Жеке тұлғалық, қоғамдық, экологиялық дағдарыстардың жаһандық сипаты және тұлғаның рухани- адамгершілік даму кеңістігін ізгілендіруге ықпалы .

3-тақырып. Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері .Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары.

4-тақырып. Өзін-өзі танудың аксиологиялық-құндылықтық бағдары: Шығыс дүниетанымындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзін-өзі танудағы мәні. Адамзаттың рухани мұрасы рухани - адамгершілік білім беру құралы .

5-тақырып. Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеяларының тарихи генезисі: халық даналығы және ұрпақ тәрбиесі. Ұлттық құндылықтардың «Өзін-өзі тану» РАББ мазмұнындағы орны .

6-тақырып . 6 Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесі: тарихи аспект Бөбек» ҰҒПББСО қор ретінде құрылуының тарихи кезеңдері .

7-тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің оқыту үдерісіне ендірілуі: тарихи аспект. «Рухани жаңғыру» жағдайындағы рухани-адамгершілік білім беру және ізгілік педагогикасы.

8-тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің ЖМББС және оқу бағдарламалары. Жалпы орта білім беретін мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұны (бастауыш және негізгі деңгей 5-9, 10-11 сыныптар).

9-тақырып. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұны. «Өзін-өзі тану» пәнінің электронды оқулықтары және оқу-әдістемелік кешендері.

10-тақырып Жалпыадамзаттық құндылықтар - «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мазмұнының негізі. Мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары мен ОӘК енгізілу тарихы: кезеңдік талдау.

11-тақырып. Жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері. ЖОО «Өзін-өзі тану» мұғалімдерін даярлау мәселесі.

12-тақырып. ҚР ЖОО РАББЖӨӨТ бойынша оқу курсының мазмұнын құрылымдау. Типтік оқу жоспары және оқу бағдарламалары. ЖОО РАББЖӨӨТ бойынша базалық және элективті оқу пәндерін енгізудің әдіснамалық негіздері.

13-тақырып. «Өзін-өзі тану» мұғалімінің кәсіби сапаларының дамуындағы рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі. Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі мамандығының педагогикалық мамандықтар жүйесіндегі орны.

14-тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнін мектепте -колледжде - ЖОО-да оқытудың құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері. ЖОО арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары және ОӘК тарихи кезеңдер бойынша салыстырмалы талдау.

15- тақырып Болашақ педагогтің кәсіби өзіндік дамуға және педагогикалық іс-әрекеттегі кедергілерді жеңуге деген қабілеттілігі. Мұғалімнің педагогикалық шеберлік тұрғысынан рухани-адамгершілік сапалары және құзыреттіліктері.

Оқу әдебиеттері:

1. Рысбаева А.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі тану. Оқулық. Фолиант. Астана. 2019. – 326 б
2. Шалғынбаева Қ.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі танудың теориялық әдістемелік негіздері. Астана. Фолиант.2019.250 б.
3. Әрінова Б.А. «Өзін өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-172 б.
4. Мұқажанова Р.А., Омарова Г.А., Әкімбаева Ж.Ж., Хожамұратова С. Г. Жалпыадамзаттық құндылықтар (5-7сынып) Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014-132 б.
5. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Кн. 1,2. Как любить детей.-М.: Амрита-Русь, 2012
6. Майғаранова Ш., Муратханова Р.Адамзаттың рухани мұрасы. –Алматы, «Бөбек», 2014.-130б.
7. Тренерлер үшін нұсқаулық. Мұғалімдер үшін оқу әдістемелік құрал.ҰҒПББСО «Бөбек» 2015.-96 .
8. Методика преподавания предмета «Самопознание». Учебное пособие/ А. А.Карабутова, Н.А. Анарбек, Г. И.Калиева . Нур-Султан: Некоммерческое акционерное общество «Талар», 2020 – 294 с.

Интернет-ресурстар <http://ozin-ozii-tanu.kz/> «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілікке оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми білім беру порталы

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (A) 90-94 (A-) Өте жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3. 1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4. 1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.